



010000, Астана қаласы, Мәңгілік Ел даңғылы, 14
тел.: 8 (7172) 71 28 68, факс: 8 (7172) 30 18 65
www.prokuror.gov.kz

010000, город Астана, проспект Мәңгілік Ел, 14 тел.:
8 (7172) 71 28 68, факс: 8 (7172) 30 18 65
www.prokuror.gov.kz

22.02.2024 № 2-01-24-15440

24.01.2024

ДС-1

**Қазақстан Республикасы
Парламенті Мәжілісінің
депутаттарына
(тізім бойынша)**

«Сарайшық» коммуналдық
базарын кері қайтаруға қатысты

Құрметті депутаттар!

Бас прокуратура Атырау қаласындағы «Сарайшық» коммуналдық базарын кері қайтаруға қатысты депутаттық сауалдарыңызды қарап, келесіні хабарлайды.

2021 жылғы 8 сәуірде «Атырау қалалық қаржы бөлімі» ММ (бұдан әрі – Бөлім) мен «Идеал Маркет» ЖШС (бұдан әрі – ЖШС; Серіктестік) арасында мемлекеттік мүлікті («Сарайшық» коммуналдық базары) сенімгерлік басқару туралы №25302-ЭТП келісімшарт жасалған.

Келісімшартқа сәйкес ЖШС резервтік электр желісін қалпына келтіру, өртке қарсы, санитарлық және өзге де нормаларды сақтау, «Сарайшық-Атырау» ЖШС-ның қарызын өтеу, әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларының бағаларын ұстау және реттеу бойынша міндеттемелерді орындауды өзіне алған.

Серіктестік міндеттемелерін тиісті түрде орындамауына сілтеме жасай отырып, Бөлім шартты бұзу туралы талаппен сотқа жүгінген.

Атырау облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының 2022 жылғы 6 қыркүйектегі шешімімен талап қоюды қанағаттандырудан бас тартқан.

Бірінші сатыдағы сот жауапкермен тиісті міндеттері орындалып, шарт талаптарын едәуір дәрежеде бұзушылық орын алмаған деген тұжырымға келген.

Сот шешімімен келіспей, талап қоюшы апелляциялық шағым берген және прокурор апелляциялық өтінішхат енгізген.

Атырау облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасының 2022 жылғы 17 қарашадағы қаулысымен сот шешімінің күші жойылып, талап қоюды қанағаттандыру туралы жаңа шешім қабылданған.

Алқа жауапкер тарапынан жұмыстар шартта көзделген мерзімде жасалмағанын назарға алған.

Сондай-ақ Серіктестіктің айына үш рет мониторинг жүргізу жоспарын азық-түлік тауарларының бағаларын ұстау және реттеу бойынша міндеттеменің орындалуы ретінде қабылдамаған.

Жоғарғы Соттың азаматтық істер жөніндегі сот алқасының 2023 жылғы 1 тамыздағы қаулысымен апелляциялық қаулының күші жойылып, бірінші сатыдағы соттың шешімі күшінде қалдырылған.

Азаматтық кодекстің 401-бабының 2-тармағына сәйкес тараптардың біреуінің талабы бойынша шарт: 1) екінші тарап шартты едәуір бұзған кезде; 2) осы Кодексте, басқа да заң құжаттарында немесе шартта көзделген өзге реттерде тек сот шешімімен өзгертілуі немесе бұзылуы мүмкін.

Тараптардың біреуі шартты бұзып, ол екінші тарап шарт жасасу кезінде үміт артуға құқылы болғанынан едәуір дәрежеде айрылып қалатындай шығынға әкеп сокса, бұл шарттың едәуір дәрежеде бұзылуы деп танылады.

Жоғары Сот инстанциясы Серіктестік міндеттемелерін іс жүзінде кейіннен орындағанын назарға алып, бұл мән-жай сенімгерлік басқаруды тоқтатуға әкеп соқпайды деп есептеген.

Сондай-ақ Жоғарғы Соттың пікірінше, ЖШС міндеттемені кейіннен орындауы Бөлім шарт жасасу кезінде үміт артуға құқылы болғанынан едәуір дәрежеде айырылып қалатындай шығынға әкеп соқпаған.

Осылайша наразылық келтіруге негіздер жоқ.

Өз кезегінде, Атырау қаласының әкімдігіне «Сарайшық» коммуналдық базарын мемлекет меншігіне қайтару мәселесі қайта қарау ұсынылды.

Құрметпен,

Б. Асыллов